04	1	4	Жер салығы	232
			Көлік құралдарына салынатын салық	8820
05	1	4	Бірыңғай жер салығы	3800
			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	5097
05	1	4	Акциздер	219
			Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2900
08	1	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1978
			Зандық маңызы бар өрекеттерді жасағаны және (немесе) оған үкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттарбергені үшін алынатын міндетті төлемдер	1070
2	01	1	Мемлекеттік баж	1070
			Салықтық емес түсімдер	10137
01	5	7	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	6714
			Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	6694
02	1	4	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	20
			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	10
04	1	4	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	10
			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	700
06	1	4	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	700
			Басқа да салықтық емес түсімдер	2713
3	01	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2713
			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	3100
03	1	4	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3100
			Жерді және материалдық емес активтерді сату	0
4	02	2	Жерді сату	0
			Трансферттердің түсімдері	4558645
02	1	4	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4558645
			Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4558645
02	1	4	Ағымдағы нысаналы трансферттер	1671039
			Нысаналы даму трансферттері	171710
02	1	4	Субвенциялар	2676000
			Заңнаманың қабылдауына байланысты ысырапты өтеуге арналған трансферттер	39896

Қыстың күні



Күн күлмейді еркінше
Дамылсыз көк күмбезін
Отыр міне қарт анам ойға шомып,
Таянып ұршығына, құты қашып.
Күн шығып, көп кідірмей
Тұншығып бүлт астында
Қар жамылған кең дала, асау өзен
Үстінде көкшіл меруерт
Төкеппар қыс лебі неткен күшті,
Ақ қырау алыстағы орман үсті.

нұрын шашып,
бұлт басып.
Ағаштар баян жауып өтті,
Жүзінді бейне сұлу нұрға бөлеп,
қарып бетті.
Ақша қар көз ұялтып, шағылысып,
Алтынның ұнтағындай жылт-жылт
өтті.
Ысқырып, аяз зулап кең далада,
Көркіне көз ілеспей қаққан сылаң.
Лебімен уын шашқан айналаға,
Төрізді ысқырығы зәрлі жылған.

Мұқағали МАҚАТАЕВ.

СИСЕН ОРАЗҒАЛИҰЛЫ БЕРДЕМБАЕВ



2019 жылдың 29 қарашасы күні ауылшаруашылығы саласының майталманы, еңбек ардагері Сисен Оразғалиұлы Бердембаев дүниеден өтті.

Сисен Оразғалиұлы Бердембаев 1952 жылдың 19 ақпанында Ойыл ауданы, Көптоғай ауылында дүниеге келген. 1959-1969 жылдары Құрманов атындағы орта мектептен білім алған. 1969-1972 жылдары Темір совхоз техникумында, 1980-1986 жылдары Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтында оқыған.

Мамандығы бойынша Берсиев, Жекенді, Құрман совхоздарында түрлі қызметтерде болды. Құрман совхозы ізімен құрылған «Көптоғай» акционерлік қоғамының президенті болып, ауылдың өркендеп өсуі жолында аянбай еңбек етті. 1999 жылы Ойыл сайлау округі бойынша облыстық мәслихаттың депутаты, 2003 жылы Көптоғай сайлау округі бойынша аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланды. 2005 жылы «Ойыл ауданының жыл адамы» атағын, 2010 жылы «Ойыл ауданының құрметті азаматы» және Қазақстан Республика Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жарлығымен «Шапағат» төсбелігін иемденді. Отбасында жұбайы Күмісаймен 6 бала тәрбиелеп өсірді.

Біз ауданның ауылшаруашылығы саласында айтулы қолтаңбасы қалған Сисен Оразғалиұлың отасы мен ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Жатқан жері жайлы топырағы торқа болсын! *А.Қазыбаев, Е.Жиеналин, А.Кенжебаев, М.Айдарбаев, С.Өскенбаев, С.Амангосов, Ғ.Займолдаұлы, Ғ.Жұмбергәнулы, Т.Шалабаев, Б.Жантолы, Т.Меруенов, Б.Бисекенов, С.Қойбағаров.*

АҚКЕРЕЙ САРЖІПТОВ

2019 жылдың 28 қарашасы күні 80 жасында ұзақ жылдар ауданның баспасөз саласында еңбек еткен, ардагер журналист Ақкерей Саржіптов дүниеден өтті.

Ақкерей Саржіптов Ойыл ауданының Ақшатау ауылында 1939 жылдың 25 күні дүниеге келген. Н.К.Крупская атындағы Ойыл қазақ орта мектебін бітірген. 1958 жылы Темір ауылшаруашылығы училищесін бітіріп, еңбек жолын «Калинин» колхозында жұмысшы болып бастаған. Кейін «Ойыл» совхозында механизатор болып еңбек етті. Аудан басшылары сауатты жігітті мамандығы болмаса да білім беру саласына жұмысқа шақырады. Алдымен Ақшатау, кейіннен Стоковой, Октябрь ауылдарында бастауыш кластарға сабақ береді. Одан кейін аудандық пионерлер үйінің директоры қызметін атқарады. Сол жылдары А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының тарих-филология факультетін сырттай оқып, бітіреді.

1970 жылы аудандық «Ойыл» газетінің әдеби қызметкері болып жұмысқа қабылданады. Кейіннен 1996 жылдың соңына дейін газеттің тілшісі, жауапты хатшысы, редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. Ауданның баспасөз саласындағы еңбектері үшін бірнеше мемлекеттік наградаларға ие болды.

Үш бала тәрбиелеп өсірді. Біз Ақкерей Саржіптовтің отбасына, туыстары мен жақындарына орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. *А.Қазыбаев, Е.Жиеналин, А.Кенжебаев, М.Айдарбаев, С.Амангосов, Ғ.Займолдаұлы, Ғ.Жұмбергәнулы, Т.Меруенов, С.Қойбағаров.*

Газет Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және Даму
министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру
және Ақпарат комитетінде
2016 жылдың 21 қаңтарында
тіркеліп,
№15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1620 таба. Тапсырыс №1549
Көлемі 1 баспа дана, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400
телефонына хабарласуға болады.

СПОРТ ЖАЙЫНДА НЕ БІЛЕМІЗ НЕМЕСЕ СПОРТПЕН ШҰҒЫПҚАНУЫМЫЗ ҚАПАУ?

Спорт (ағылшын тілінен аударғанда - «ойын», «сауық») - адамдардың белгіленген ережелер бойынша өрекеттерінен ұйымдастырылған, олардың физикалық және интеллектуальдық қабілеттерін салыстырудан тұратын, сонымен қатар осы процесстен туындайтын өрекеттерге дайындық пен тұлғалараралық қатынастар. Спорт ежелден қоғамға аса қажетті шара ретінде өр елдердерде өзініше өткізіле келе осындай анықтамаға ие болған.

Спорт түрлері өте көп, бірақ, бұқаралық сұранысқа ие болып олимпиадалық ойындарға енгізілгендері санаулы. Өйткені, қай спорт түрі болса да олимпиадалық ойындардан өз орнын алу үшін ең дамушы елдерден құралған олимпиадалық комитеттің егжей-тегжейлі сараптама-сынан өтеді. Олимпиадалық ойындардың құрамына (жазғы және қысық ойындар) енгізілген спорт түрлерінің жарыстары ерекше дайындықпен, аса құрметпен және қатал тәртіппен өткізіледі. Олимпиада ойындарына жолдама алудың өзі бірнеше сайыс-тардан тұрады. Ал, олимпиада ойын-дарының жүлдегерлері бүкіл дүние жүзіне өйгілі тізімдерге енгізіледі.

Осы спорт түрлерінің аудандағы жағдайлары қандай? Аудандағы балалар және жасөспірімдер арасын-дағы спорт түрлерінің деңгейлері жаман емес, өсіресе, жойылып бара жатқан бокс пен үстел теннисі қай-тадан жаңғырып жолға қоңыла бас-тады. Жақында ғана үстел тен-нисінен өткен «Ойыл кубогі» жекелей біріншілігі өте тартысты өтті. Өкініш-тісі, жанкүйерлердің болмауы, ал, жанкүйерсіз жарыс қалай айтсаң да жоғарғы дәрежеде өтті деп айтуға келмейді.

Соңғы кездері спорттың патшасы жеңіл атлетикаға өз дәрежесінде мән берілмей жүр. Қай жарыста болсын, өсіресе үлкен жарыстарда жеңіл атлетикаға (жүгіру, секіру) үлкен ұпайлар беріледі. Өйткені, олар адам организмiне ең пайдалы спорт түрлері болып саналады.

Ауданда ересектердің спортқа деген құмарлықтары өте төмен. Ере-сектер арасындағы спортқа қызығу-шылықты бөріміз жабылып көтерүй-міз керек. Менің өз ойымша және дәрігер ретінде пайымдауымша жас-тардан гөрі ересектер спортпен көп шұғылдануымыз қажет. Өйткені, көп аурулар, өсіресе, жүрек-қантамыр-

лар аурулары 40 жастан аса пайда бола бастайды. Ал, бұл аталған ауру-лардың алдын-алудың бірден-бір жолы қозғалыс, яғни спортпен шұғыл-дану. Тағы бір ересектердің спортпен айналысуының пайдасы жастар үшін үлгі болу деп есептеймін.

Енді, осы мақала жазуда спорт мәселесіне мән беруіме толығырақ тоқталсам... Спорт біріншіден, қазіргі техниканың өбден жетісіп қозғалыс-тың азайған заманында адам ден-саулығын нығайту үшін, көпшілік аурулардың алдын-алу үшін, екін-шіден, қай елдің болмасын, елді-мекен болмасын беделін көтеру үшін, үшіншіден, елдердің, елді-мекендердің және жеке тұлғалардың достық қарым-қатынастарын күшейту үшін, төртіншіден, қорғаныс күштеріне сапалы сарбаздар сапын құрау үшін және т.б. үшін қажет.

Осыларды айта келе біздер, ойыл-дықтар, спорттың елімізге, отбасы-мызға және өзімізге аса қажетті шара екенін сезіне отырып, оның қай түрін болмасын ауданымызда дамытуға, шұғылдануға және жанкүйер болуға ат салысуымыз керек.

Мыңжасар ДОСОВ,
Ойыл ауылының тұрғыны.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - ҚОҒАМ ДЕРТІ

БІЗ МҮЛДЕ ЖАҢА ҚОҒАМДА ӨМІР СҮРІП ЖАТЫРМЫЗ. ЖАҢА ҚОҒАМНЫҢ СИПАТЫ ІСКЕРЛІК БОЛСА, БҮЛ ЖОЛДА ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ ДЕ АЗ ЕМЕС. АЛ ШЕШІМІ КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ДЕ БАР. ОЛ – ӘЛЕУМЕТТІЛІК МӘСЕЛЕ. БҮЛ САЛАДА ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕ ТҮБЕГЕЙЛІ ШЕШІМІ ТАБЫЛМАЙ ТҮРҒАН МӘСЕЛЕ, ОЛ – КОРРУПЦИЯ. ЕЛІМІЗДЕ ОСЫ МӘСЕЛЕГЕ АРНАЙЫ ҚАБЫЛДАНҒАН ЗАҢДАР ДА, АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАР ДА БАРШЫЛЫҚ, БІРАҚ БҮЛ МӘСЕЛЕ ӘЛІ ТОЛЫҚ ШЕШІМІН ТАПҚАН ЖОҚ.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табы-лады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақ-стан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылық-тарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-өрекеттер ер салада жүзеге асыры-луда. Өсіресе, халық пақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «conruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «concupire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бұлдыру, бузу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс-өрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ

басты, бұрынғы өткен ата-баба-ларымыз да деп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың өділдік пен тура-шылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа бір туар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын бізтарихтан жақсы білеміз.

Сыбайласжемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбы-лыс. Елбасы Н.Ә. Назарбаевөз сөзінде «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешен-ді және жүйелі күрес жүргізетіндігін көрсетеді.

Парақорлық мемлекеттік органдар-дың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конститу-циялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттің органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр,

бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындаулын қамта-масыз етуге міндетті.

Сонымен қатар сыбайлас жемқор-лықпен пәрменді күресу үшін халық-тың құқықтық сауатсыздығын жо-я-тын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керек-тігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-өрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық өрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі - ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің өрбір азаматы Қазақстан Республи-касының Конституциясын және заң-дарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрмет-теуге міндетті.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бас-тамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер өкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республи-касының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу.

Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықтауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Медет ҚҰЛМҰҚАНОВ,
Аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы.

МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ-УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Медициналық сақтандыру - ден-саулық сақтаудағы халықтың мүд-десін әлеуметтік қорғаудың түрі, медициналық көмек қажет еткенде сақтандырылған жағдай бойынша науқасқа жинаған қаржы кепілдік болады.

Ең алғашқы рет жүйеге кіру 2018 жылдың 1 қаңтарынан деп белгі-ленген болатын, бірақ дайындық жұмыстарын толық жүргізілімнен уақыт беріліп, 2020 жылға қалдырыл-ды. Өйткені өзін-өзі қамтамасыз ететін қызметкерлер санын анықтау қиыншылықтар келтірді.

2017 жылдан бастап, МӘМС қорына жұмыс берушілерден жарна төлене бастады.

Тек жеке тұлғалар, жалдамалы жұмысшылар, өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етушілер, жеке кәсіпкер-лер 2020 жылға дейін жарна төлеу-ден босатылады. Бірақ жеке кәсіп-кердің қол астындағы жұмысшылар болса, ол жұмыс беруші ретінде 2018-2019 жылдары олардың еңбек-ақысының 1,5%, ал 2020 жылдан бастап 2% аударылады.

Жұмыс берушілер 2020 жылға дейін, өзіне және қызметкерлеріне Сақтандыру қорына жарна аударуды жалғастырады.

Жарна еңбекшұақядан ұсталмайды, ол жұмыс берушінің негізгі қаражат қорынан ұсталды.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Қазақстан азамат-тарына жасына, жынысына, әлеу-меттік статусына, тұрғылықты жері-не және тапқан табысына қарама-стан МӘМС қорынан медициналық және дәрі дермекпен қамтамасыз етіледі.

МӘМС маңызы, сақтандыру ерек-шеліктері қандай?

1. Жедел жәрдем қызметі тегін және сақтандырусыз;

2. Ал емханаға дәрігерге қаралу, анализдер тапсыру т.б. сіздің сақтан-дыру қорына аударған жарнаңызға

байланысты;

3. Сіз кез-келген клиникада МӘМС бойынша медициналық қызметтерді пайдалана алмайсыз. Тек қана сіз өзіңіз тіркелген клиникада, мемлекет-тік және мемлекеттік конкурста ұтқан жеке клиникаларда ғана қарала аласыз;

4. Тізім бойынша қоршаған ортаға қауіпті деп табылатын ауру түрлері бойынша мемлекет емдеу сауық-тыру шараларын сақтандырусыз жүргізеді.

5. 18 жасқа дейінгі балалар меди-циналық сақтандыру шеңберінде дәрілермен толық қамтамасыз еті-леді;

6. МӘМС жүйесі кіргеннен кейін азаматтар бейінді мамандарда тегін қарала алады;

7. Көрсетілетін медициналық көмек аударған жарнаңыздың көлеміне байланысты емес, сондықтан бұл халыққа өте тиімді болмақ. Себебі кейбір зертханалық диагностикалық зерттеулер операциялар өте қымбат тұрады;

8. Сақтандыру жүйесіне кіру үшін өуелі тұрғылықты жеріңіз емханаға тіркелу керек содан кейін элек-трондық үкіметтен өзіңіздің стату-сыңызды анықтау керек;

9. Егер сізге мемлекет немесе жұмыс беруші жарна аудармайтын болса, өзіңіз ҚР МӘМС заңына бай-ланысты жарна аудара аласыз.

Азаматтар ең бірінші емханаға тіркелуі қажет, сосын статусын анықтау керек.

Яғни;

- Егер сіз жалдамалы қызметкер болсаңыз, сіз үшін жұмыс беруші жарна төлейді (жарна төленді ме, тексеруіңізге болады);

- Егер сіз жұмыссыз (еңбек биржасына тіркелген жағдайда), зейнеткерлер, бала күтімінде 3 жасқа дейін уыде отырған өйелдер, күндізгі оқу орнында оқитын студенттерге мемлекет жарна төлейді;

- Егер жеке кәсіпкер болсаңыз(жеке нотариус,адвокат т.б) өздеріне өздері төлейді;

Қалған жеке тұлғалар өз-өзіне қызмет жасаушылар (салықтық органдарға тіркелмеген), тіркелмеген жұмыссыздар, үйде жұмысыз отыр-ған өйелдер, саудагерлер 2020 жылдан бастап төменгі еңбекақы есебінен 5% төлеп отыру керек.

Бұрыңғыша тегін және қолжетімді медициналық көмектер қалады.

Яғни медициналық көмек 2 пакетке бөлінеді;

1. Базалық пакет;

Тегін медициналық көмектің кепіл-дендірілген көлемі (ГОБМП).

Бұл республикалық бюджеттен қаржыландыратын барлық азамат-тарға қолжетімді, тегін медициналық көмектер.

1. Жедел жәрдем қызметі;
2. Санитарлық авиация;
3. Әлеуметтік маңызы бар аурулар;
4. төтенше жағдайлар;
5. профилактикалық екпе.

МӘМС пакеті:

1. Амбулаториялық-емханалық көмек
2. Стационарлық көмек
3. стационарлық көмекті алмас-тыратын көмек
3. Реабилитация және қалпына келтіру емдік шаралары
4. паллиативтік және мейірбикелік қарау
5. жоғарғы технологиялық көмек кіреді.

Біздің еліміздегі міндетті медици-налық сақтандырудың ерекшеліктері мен артықшылықтары –Сақтандыру жарнасын төлеуден азаматтардың 15 санаты босатылады(халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал тобы)

Олар:

1.18 жасқа дейінгі балалар;
2. Алтын алқа,күміс алқа иегер-лері,бұрын «Батыр ана» атағын алғандар,І-ІІ дәрежелі «Ана даңқы» орденін алған көп балалы аналар;

Газетке жазылу - 2020

Аудандық “Ойыл” газетіне “Қазпочта АҚ” арқылы 2020 жылдың І жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Занды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86
Байланыс телефондары:		2-19-02, 2-11-07 (Редакция) 2-19-98 (Қазпочта АҚ)

ҰЛТТЫҚ СПОРТҚА ҰМТЫЛЫС БАР

ҚАЙ САЛАДА ДА ЖЕҢІМПАЗДЫ ХАЛЫҚ ТӨБЕСІНЕ КӨТЕРІП ҚҰРМЕТТЕЙДІ. АЛ, АУЫЛЫҢНЫҢ, АУДАНЫҢНЫҢ МЕРЕЙ ӨСІРГЕН ПАЛУАН БОЛСА...

Қазақ күресі бойынша бірінші ірі жарыс 1938 жылы ауыл шаруа-шылығы аймақтары арасындағы спартакиада аясында өтіпті. Сол сәттен бастап жарыс дестүрлі түрде республика қалаларында тұрақты өткізіліп келеді. Күрес адамның денесін ширатып, бұлшық еттерді қатайтады, төзімділікке, керек кезінде тез ойланып, әдіс таба білуге машықтандырады. Қазақ күресі күш жетілдіретін ойын.

Өткен аптада Қараой ауылында 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күні-десі үшін 2007-2009 жылы туылған балалар арасында қазақ күресінен аймақтық турнир өткізілді. Айтулы жарысқа аудан бойынша 8 мек-тептің және Қаратөбе ауданы Егіндібұлақ ауылының палуандары қатысты. Жарыс тоғыз салмақ дәрежесі бойынша өтті. 20 кг салмақ дәрежесі бойынша І-орын Әли Ғабит, ІІ-орын Жасұлан Амангелді, ІІІ-орын Бекет Өтеген. 23 кг салмақ дәрежесі бойынша І-орын Жанболат Найман, ІІ-орын Ж.Әлімжанов, ІІІ-орын Ж.Төреғали. 26 кг салмақ дәрежесі бойынша І-орын А.Қайдарұлы, ІІ–орын Ж.Төреғали, ІІІ-орын М.Смағұл. 29 кг салмақ дәрежесі бойынша І-орын К.Бексұлтан, І-орын, І.Усенов, ІІІ–орын А.Қаржау. 32 кг салмақ дәрежесі бойынша І-орын Е.Аманғосов, ІІ-орын Д.Әділ, ІІІ-орын Е.Қайсарұлы. 35 кг салмақ дәрежесі бойынша І-орын М.Үйелбаев, ІІ-орын С.Кешер ІІІ–орын А.Ахметқалиев, Т.Тоқашев. 38 кг салмақ дәрежесі бойынша І-орын Е.Амангелдіұлы, ІІ-орын М.Рахмет, ІІІ-орын Н.Кенжебаев, А.Нұрымжан. 46 кг салмақ дәрежесі бойынша І-орын Д.Қажықалиев, ІІ–орын Ә.Серікқали, ІІІ–орын Ш.Серіков.

Бұл жарыста біз балғын палуандардың ұлттық спортқа ұмтылысын көрдік.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ - КӨК ТАЙҒАҚ!



Қыс қай уақытта да қауіпті кезең. Өйткені бұл уақытта адам өміріне қауіп тудыратын көптеген стихиялық құбылыстар болатыны баршамызға мәлім. Қыстың көзі қырауда жаз-тайым сүрініп кетіп, құлап, жарақат алғандардың саны артып кетеді. Осы мезгілде түнгі аяз жердің бетін қаты-рып, кеше ғана жүріп өткен жолымыз айнадай жарқырап, көктайғаққа айналады.

Мұндайда ғимараттардың алдын-дағы тепкішектерден алаңсыз адым-дау да қатерлі. Жүргіншілердің табанымен тапталып, көк мұзға айналған жаяу жүргіншілер жол-дарында да оңбай құлап жарақат алып жатқандар да аз емес.

Ал, тежегішін игере алмай, бүрсіз (щипы) доңғалақтың кесірінен апатқа ұшырап жатқан көліктер өз алдына.

Асылы жалпы ережелерді есте ұстаған жөн. Мысалы, жаяу жүргін-шілерге көктайғақта сыртқа шығар кезде, аяқ киіміңізді дұрыс таңдаңыз. Оның өкшесі биік емес, табаны қалың өрі будырлы болып келгені жақсы. Мүмкіндігінше жүргенде баспалдақ таянышынан, қоршаулардан, шарбақ-тан ұстап жүріңіз. Үй шатырының астымен өткенде жарақат алып қалмас үшін сүңгілерден абай болы-ңыз. Ал, көшеде жүргенде жерді нық басып, қолыңызды қалтаға салмай, тепе-теңдікті сақтаған дұрыс. Мұзды жерді айналып өту мүмкін болмаса, мысық табандап, қысқа адыммен жүруге тырысыңыз. Қарт адамдарға

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Өмір қезеңге тірлікте, сірә, жетер ме ой, Жарық сәулелен басқанқы бәрі екер зой. Бекер зой бәрі, екер зой бәрі, бөтен ой. Өмір қезеңің – бір сәттік сәуле екен зой. Мұқағали Мақатаев.

ЖАЛҒАННЫҢ ЖАНАРЫНА СЫЯ АЛМАДЫҢ...

Дана халқымыз қай кезде де сөз бастау қиын деген ғой. Ал енді өзіңмен бірге мектепте сыныптас болған, балалық қызық кездерді бірге өткізген құрбың туралы ол өмірден озғаннан кейін сөз бастау қиынның қиыны екен.

Осынау бір сәттік өмірде жалт етіп сөнген жасын тағдырлар аз ба?! Алды-артыңа қаратпас ажал сағаты соқса бөріміз де дөрмексібіз. “Өмір — өткішші”, “Дүние — жалған” деген сөздерді тағы да бір дәлелдеп азулы сыныптасымыз, адал құрбымыз, жарқыраған жұлдыз іспетті Динара арамыздан кетті. Ақжарқын, ақ пейілімен, озаттылығымен баршамызды баураған Динараның сапары қара жолда мәңгілікке қылады деп ойлаппыз ба?

Балалық шағым мен мектептегі өмірім маған көптеген адал достар, сырымызды бірге бөлісіп, мектептегі оқу кезеңімізді бірге көретін көптеген құрбылар кездестірді. Сондай құрбымның бірі — Наурызова Динара Асылбекқызы. Динара — арманы асқақ, оқуда озат, ойы ұшқыр жан еді. Әр іске икем, шебер, жауапкершілігі мол еді. Осы мақаланы тауғыл дерлік Динараға арнағым келеді. Өмір отын ерте сөндіріс де, бағындырған белестері өте көп...

Мәңгі есімізде!...1999-2000 оқу жылдары Ойыл қазақ орта мектебінің табалдырығын аттаған кезіміз еді. Біздің сыныптағы ұлдар мен қыздар ерқайсысы жанып тұрған ерекше тұлға еді. Сынып жетекшіміз — Бижанова Ақмарал апайдың өзі бізді осылай еркелетіп тәрбиеледі. Динара сыныптағы ең озат оқушы болды. Аудандағы өр өткен білім сайыстарында мектебіміздің, сыныбымыздың атынан суырылып шығып, жүлделі, алдыңғы орындардардан көрінді. Мектепте оқып жүріп, өр жыл сайын, Республика көлемінде олимпиадаларда жолдама алып, Астана, Ақтөбе, Көкшетау қалаларына демалысқа баратын. Сынып жетекшіміз Ақмарал апай әрдайым Динараның жетістіктерін, озаттығын, бізге мотивация ретінде айтып отыратын. Апайымыз сыныптастарымызды бір-бірімізге бауырмал, ұйымшыл тұлға ретінде тәрбиеледі. Әрбіреуімізді биікке көтеріп, жетістітерімізбен мақтанып отырады. Динара — сыныпта староста болып жетекшілік етті. Ол үшін сыныбымыз бен мектебіміздің беделі бірінші орында тұратын.

Мектепті «Алтын Белгіге» бітірген Динара Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетіне «Байланыс және ақпарат» факультетіне грантпен оқуға түсті. Оқуда озаттылығын жоғалтпаған құрбым жоғарғы оқу орнын «Қызыл Дипломмен» тәмамдады. Еңбек жолын «Қазақтелеком» АҚ-ның Ақтөбе облысындағы мекемесінде бастады. Осы қалада еңбек етіп жүріп, жары Абаймен танысып, отбасылық өмірге аяқ басты. Ибалы келін атанған Динараға ана бақыты бұйырып, 2017 жылы Жігер атты сәбін өмірге әкелді. Өмір атты өткелдің жұмбақтығы да осы болар, ақ кәбін біреуге ерте, біреуге көп пішіледі. Жарқыраған жұлдыздай болған Динараны тағдыр аразымздан кенеттен суырып алды. Жүзіміз бір мұңайып, бір жылап, жүрегіміз сыздап қалды. Динара аразымыз болса, бағындырар белесі де, алар асуы да алда еді. Алланың ісіне шара бар ма? Ана жаны Жігер атты ұлын көкте желеп-жебеп отыратыны анық. Біз Динараны тек еске алумен ғана жұбана аламыз және артына қалдырған дүниелерін жаңғырту арқылы ғана жадымызда сақтаймыз. Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырда жаңандырымыздың жанымыздан кеткенімен, жадымыздан өшпесі анық.

Ізгі жүректі, жаны таза, мейірімді құрбым, Динара! Жаның жәннатта, тәнің рахатта, орның пейіштің төрінде болсын!

Аякез ҚУАНҚЫЗЫ.